

**2024-2025 оқу жылының 1 жартыжылдығы бойынша әлеуметтік педагог жұмысының талдау есебі**

**Әлеуметтік педагог қызметінің мақсаты:** Білім алушыларды тәрбиелеу, бейімдеуді және әлеуметтендіруді әлеуметтік-педагогикалық ақпараттық және құқықтық қолдауды қамтамасыз ету.

**Міндеттері:**

1. Білім алушыларды бейімдеуге әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету.
2. Білім алушыларды әлеуметтендіруге әлеуметтік- педагогикалық көмек көрсету.
3. Материалдық көмек көрсету жағдайларын қамтамасыз ету.

**Сапалық құрам**

Санат	Саны	* белгіленгенін жерге мектеп немесе ТАӘ жазамыз
Барлық мектептер	1	«Тайтөбе ЖООБ мектебі» КММ
Мектептерде құрылған психологиялық қызмет (ПҚ) саны		
әлеуметтік педагог мөлшерлемесі көзделмеген		
Қажеттілік		
Барлық әлеуметтік педагог саны	2	Жумабаева Айгуль Азаматовна Аубакирова Анар Арыновна
Соның ішінде:		
Магистратура		
Педагог-модератор		
Педагог-сарапшы		
Педагог- зерттеуші		
Санаты жоқ	2	
Біліктілік арттыру курстары бар		
Барлық мөлшерлеме саны		
Қамтылған мөлшерлемелер		
Мөлшерлемелер бойынша бос орындар		
Мектептер бойынша бос орындар		
әлеуметтік педагог жеке кабинеті	Арнайы жабдықталған кабинет жоқ	
Кіріктірілген кабинет		
Маман емес		

**Бағыттар бойынша әлеуметтік педагог қызметінің нәтижесі:**

**Балалар құқығын қорғау бойынша жұмыс**

2024-2025 оқу жылында «Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ калпы 745 оқушы оқиды.



Білім алушыларды (1-4 сынып, 5-11 сынып білім алушыларының жекелеген санаттары) бір реттік тамақтандырумен қамту мемлекеттік қызметін жүзеге асыру

және білім алушыларды сапалы тамақтандырумен қамту бойынша шаралар кешені іске асырылды (бракераждық комиссия, ас мәзірі, табель және т.б.).



Қыркүйек айынан бастап тегін ыстық тамақпен қамтылды: 1-4 сыныптар арасында 310 оқушы, 5-11 сыныптар (СУСН) арасында 20 оқушы, сонымен қатар мектеп асханасын жалға алушы есебінен 10 білім алушыларды бір реттік тамақтандырумен қамтамасыз етілді. Мектеп асханасында бірінші ауысымында 156 оқушы, екінші ауысымда 154 оқушы тамақтанады. 5-11 сыныптар аралығындағы оқушылар 15 минуттық үзілістерде тамақтанады.

Күнделікті ас мәзірі мен тамақ фотосуреті мектеп сайтында жарияланып тұрады.



2024-2025 оқу жылында Жалпы оқу қорынан 76 оқушы құжат тапсырып, қаржылай көмек алды.

2024 жылдың 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы өтілді. ТОО Алия Сервис, ТОО "Accent Development Solutions", ТОО «QazTechEnergy», Тайтөбе ауылы әкімдігі атынан, Тайтөбе ауылы мәдениет үйі мен «Астана өнер клубының» қолдауымен мектебіміздің 43 оқушысына көмек берілді.

Сонымен қатар «Мектепке жол» акциясы аясында «Ақниет» фондынан 5 оқушыға мектеп сөмкесі мен кеңсе құралдары таратылды.



Тегін тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалайтын Е-асхана бағдарламасы орнатылды.

Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын әр білім алушыға келесі құжаттарды қамтитын жеке папка ашылды:

- ата-ананың (заңды өкіл) үйде оқытуды ұйымдастыру туралы өтініші;
- мүгедектік туралы анықтама (кімде бар);
- баланың туу туралы куәлігі;
- ата-аналардың (заңды өкілдің) жеке куәліктері;
- құжаттарды қабылдау туралы хабарлама;
- облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның қорытындысы (кімде бар);
- білім алушының жеке сабақ кестесі.

Жалпы мектеп бойынша үйде оқытылатын 4 оқушы бар, 4 сыныптан – 2 оқушы, 8-сыныптан – 1 оқушы, 11- сыныптан – 1 оқушы. Үйде оқитын барлық білім алушылар тегін оқулықтармен, оқу және анықтамалық әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Сынып жетекшілері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог оқушыларға, ата-аналарға педагогикалық, психологиялық көмек көрсетеді,

2024 жылдың 13 қараша күні Психологиялық- медициналық- педагогикалық консультация қорытындысы бойынша 12 оқушы өтті. ПМПК қорытындысы бойынша 12 оқушы логопед сабағына қатысады.



Қосшы қаласы «Әкімінің жаңа жылдық шырша» мерекелік іс шарасына Тайтөбе ауылы ЖООБ мектебінен аз қамтылған, көпбалалы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан, сонымен қатар спортта, оқуда жетістіктері бар 12 оқушы қатысты.




2024 жылдың 23-24 желтоқсан айында өткізілген ҚР Президентінің атынан жаңа жылдық шыршасына мектептен ата ана қамқорлығынан айырылған 6 А сынып оқушысы Битибай Нариман қатысты.



Өгей ата-анасымен тұратын білім алушыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау жасалынады, жоспар бойынша ҮТЖ тексеру АКТісі толтырылып тұрады. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Наурыз мерекесі аясында өтетін «Қайырымдылық» күніне орай, балалардың жазғы демалысын қамтамасыз ету мақсатында «ҚН Жаздық жолдама-2024» қайырымдылық жобасы бойынша 2024 жылдың 15.07-нен 24.07-не дейін Тайтөбе ауылы жалпы орта білім беретін мектебінің 23 оқушысы «Чайка» балалар сауықтыру лагеріне барды.



«Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп интернатына:  
Оқу жылының 1-ші тоқсанында 3-7 сынып оқушыларынан 6 оқушы, 2 тоқсанда  
6А және 3 Б сыныбынан 2 оқушы барды.



### Ағартушылық жұмыс

Профилактикалық ағартушылық бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстар Жасөспірімдер арасында зорлық - зомбылықтың (тұрмыстық) алдын алу жұмыстары бойынша жоспарға сәйкес өтілді. Жұмыс барысында 5-11 сынып оқушыларынан жасырын сауалнама алынып, қорытындысы бойынша мерзімінде есептер берілді. Сонымен қатар сыныптарда «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ», «Мен зорлық - зомбылыққа қарсымын», «Зиянды заттардан аулақ бол» т.б. тақырыптарында сынып сағаттары, кездесулер, тренингтер өткізілді.



### Қорытынды:

Жарты жылдық кезеңде атқарылған жұмыстардың оң нәтижелері байқалды, бірақ кейбір мәселелерді шешу үшін қосымша күш-жігер жұмсауды талап етеді. Алдағы уақытта балалардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, олардың құқықтарын қорғауға бағытталған жұмыстарды жалғастыру мақсатында көптеген жаңа жоспарлар бар.

Әлеуметтік педагог

Жумабаева А.А.

Аубакирова А.А.

**2024-2025 оқу жылының 2-ші жартыжылдығы бойынша әлеуметтік педагог жұмысының талдау есебі**

**Әлеуметтік педагог қызметінің мақсаты:** Білім алушыларды тәрбиелеу, бейімдеуді және әлеуметтендіруді әлеуметтік-педагогикалық ақпараттық және құқықтық қолдауды қамтамасыз ету.

**Міндеттері:** 1. Білім алушыларды бейімдеуге әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету.

2. Білім алушыларды әлеуметтендіруге әлеуметтік- педагогикалық көмек көрсету.

3. Материалдық көмек көрсету жағдайларын қамтамасыз ету.



**Сапалық құрам**

Санат	Саны	* белгіленгенін жерге мектеп немесе ТАӘ жазамыз
Барлық мектептер	1	«Тайтөбе ЖООБ мектебі» КММ
Мектептерде құрылған психологиялық қызмет (ПҚ) саны		
әлеуметтік педагог мөлшерлемесі көзделмеген		
Қажеттілік		
Барлық әлеуметтік педагог саны	2	Жумабаева Айгуль Азаматовна Аубакирова Анар Арыновна
Соның ішінде:		
Магистратура		
Педагог-модератор		
Педагог-сарапшы		
Педагог- зерттеуші		
Санаты жоқ	2	
Біліктілік арттыру курстары бар		
Барлық мөлшерлеме саны		
Қамтылған мөлшерлемелер		
Мөлшерлемелер бойынша бос орындар		
Мектептер бойынша бос орындар		
әлеуметтік педагог жеке кабинеті	Арнайы жабдықталған кабинет жоқ	
Кіріктірілген кабинет		

## **Бағыттар бойынша әлеуметтік педагог қызметінің нәтижесі:**

### **Балалар құқығын қорғау бойынша жұмыс**

2024-2025 оқу жылында «Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жалпы 745 оқушы оқиды. Білім алушыларды (1-4 сынып, 5-11 сынып білім алушыларының жекелеген санаттары) бір реттік тамақтандырумен қамту мемлекеттік қызметін жүзеге асыру және білім алушыларды сапалы тамақтандырумен қамту бойынша шаралар кешені іске асырылды (бракераждық комиссия, ас мәзірі, табель және т.б.).



Қыркүйек айынан бастап тегін ыстық тамақпен қамтылды:  
1-4 сыныптар арасында 310 оқушы, 5-11 сыныптар (СУСН) арасында 22 оқушы, сонымен қатар мектеп асханасын жалға алушы есебінен 10 білім алушыларды бір реттік тамақтандырумен қамтамасыз етілді. Мектеп асханасында бірінші ауысымында 156 оқушы, екінші ауысымда 154 оқушы тамақтанады. 5-11 сыныптар аралығындағы оқушылар 15 минуттық үзілістерде тамақтанады.


Күнделікті ас мәзірі мен тамақ фотосуреті мектеп сайтында жарияланып тұрады.

Балқаш қаласы  
Төле би аумақтық ЖООБ  
Мектеп №100  
Астана Г.С.

АС МӘЗІРІ  
«05» мамыр 2025 ж.

Тағам атауы	Тағам шығысы, г.		
	7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас
Сары май қосылған «Достық» сүт ботқасы	150	200	200
Май мен ұршық сәндісі	35	50	35
Қайт қосылған шай	200/3	200/3	200/3
Ашыа	100	100	100
калория мөлшері, ккал	312,70	358,67	362,43

Медбике *[Signature]* Асхана меңгерушісі *[Signature]*




Тегін тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалайтын Е-асхана бағдарламасы орнатылды.

2025 жылдың ақпан айының 03-07 күндері аралығында «Дос Бол Like Достық қолын ұсын» бағдарламасы аясында ерекше әрі әсерлі қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Бұл күндер тек қызықты әрі шулы жәрмеңке емес, сонымен қатар қайырымдылық жасау, мейірімділік пен бірлік рухын нығайту үшін үлкен мүмкіндік болды. Қайырымдылық қорынан жиналған қаражаттан көпбалалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға мектепке қажетті құрал-жабдықтары, мектеп формасы, спорттық киім, аяқ киімдер алынды.





«Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп интернатына:

2024-2025 оқу жылының басынан бастап, яғни 1-ші тоқсанында 3-7 сынып оқушыларынан 6 оқушы, 2-ші тоқсанында 6-3 сынып оқушыларынан 2 оқушы барды, 3-ші тоқсанында 6-4 сынып оқушыларынан 2 оқушы, 4 тоқсанда 3-8 сынып оқушыларынан 13 оқушы барды. Жалпы оқу жылы бойынша 23 оқушы барды.



2024-2025 оқу жылы бойынша мектепте үйде оқытылатын 4 оқушы бар, 4 сыныптан – 2 оқушы (Жамалбек Дармен, Абдухамет Бейбарыс), 8 сыныптан – 1 оқушы (Каукен Тамерлан), 11 сыныптан – 1 оқушы (Ахметкадыр Малика). Үйде оқитын барлық білім алушылартегін оқулықтармен, оқу және анықтамалық әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Сынып жетекшілері, педагог-психолог, әлеуметтік педагогтар оқушыларға, ата-аналарға педагогикалық, психологиялық әлеуметтік көмек көрсетеді. 4-ші сыныптың үйде оқитын оқушыларына мектеп тарапынан мектеп құралдары берілді.

Жоспар бойынша үйде оқытылатын оқушылардың тұрмыстық- үй жағдайын тексеру мақсатында мектеп әкімшілігі тарапынан комиссия құрылып, тексеріс өткізіліп, қажетті құжат толтырылады.



ОБПР Битибай Нариман, Тамабай Алтай



## Ағартушылық жұмыс

Профилактикалық ағартушылық бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстар Жасөспірімдер арасында зорлық - зомбылықтың (тұрмыстық) алдын алу жұмыстары бойынша жоспарға сәйкес өтілді. Жұмыс барысында 5-11 сынып оқушыларынан жасырын сауалнама алынып, қорытындысы бойынша мерзімінде есептер берілді. Сонымен қатар сыныптарда «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ», «Мен зорлық - зомбылыққа қарсымын», «Зиянды заттардан аулақ бол» т.б. тақырыптарында сынып сағаттары, кездесулер, тренингтер өткізілді.



### Қорытынды:

Жарты жылдық кезеңде атқарылған жұмыстардың оң нәтижелері байқалды, бірақ кейбір мәселелерді шешу үшін қосымша күш-жігер жұмсауды талап етеді. Алдағы уақытта балалардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, олардың құқықтарын қорғауға бағытталған жұмыстарды жалғастыру мақсатында көптеген жаңа жоспарлар бар.

Әлеуметтік педагог  Жумабаева А.А.

 Аубакирова А.А.